ҰЖЫМДЫҚ КЕЛІСІМ ШАРТ

2019 – 2022 жылдарға

Еңбек ұжымының жиналысында қабылданды.

«8» мамыр 2019ж.

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының«Мақат аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын

Аудандық ауруханаының
Директоры:_____Ундасынов Б.С.

«SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы Республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облыстық филиалы

Қоғамдық бірлестігінің
Төрағасы:_____Сартаев Е.Қ.

«Атырау облысы мемлекеттік
еңбек инспекция басқармасы» ММ

06 ИЮН 2019

ТІРКЕЛДІ № 000167

Мақат кенті 2019 жыл.

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Мақат аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны **мен оның еңбек ұжымы**
арасындағы 2019 – 2022 жылдарға арналған
ұжымдық шарт

Бірге Тараптар деп аталатын, Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Мақат аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны атынан «Мақат аудандық орталық ауруханасының» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының директоры **Ундасынов Батырбек Саламатұлы** (бұдан әрі – Жұмыс беруші) және «SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы Республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облыстық филиалының Мақат аудандық Комитеті» қоғамдық бірлестігінің төрағасы **Сартаев Ержан Қайырғалиұлы** (бұдан әрі – Кәсіподақ), төмендегі туралы осы ұжымдық шартты жасасты.

I бөлім
Жалпы ережелер, қызмет көрсету тәртібі

1. Ұжымдық шарт (бұдан әрі -Шарт) «Қазақстан Республикасындағы Еңбек кодексі (бұдан әрі – Еңбек кодексі), «Кәсіптік одақтар туралы» Заңының, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, сондай-ақ Әлеуметтік – экономикалық мәселелер жөніндегі 2019 – 2022 жылдарға арналған салалық келісім негізінде жасалды.

2. Шарт Тараптардың мүдделерін және тең сақтау қағидаттарын негізге ала отырып жасасылды және «Мақат аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны (әрі қарай – Мекеме) әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық акті болып табылады және тиімді жұмысын қамтамасыз етілуіне бағытталған.

3. Шарт 2019 – 2022 жылдың 8 мамырына дейінгі мерзімге арналып жасалды және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

4. Шарттың күші:

1) Жұмыс берушіге;

2) ұжымдық шартты жасасқан Мекеме қызметкерлері атынан және жазбаша өтініш негізінде оған қосылған қызметкерлеріне;

3) Сайланбалы және штаттағы кәсіподақ қызметкерлеріне;

4) Мекеменің есебінде тұратын және жасына немесе денсаулық жағдайына байланысты еңбек қатынастарын тоқтатқан зейнеткерлерге (бұдан әрі – жұмыс істемейтін зейнеткерлер) қолданылады;

5. Шарттың ережелері Тараптардың басшылыққа алуы мен орындауы үшін міндетті болып табылады. Тараптардың ешқайсысының Шарттың кез келген тармағын бір жақты өзгертуге немесе күшін тоқтатып қоюға құқығы жоқ.

Шартқа өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың жалпы келісімі бойынша Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен енгізіледі.

Шартқа енгізілетін барлық толықтырулар мен өзгерістер онымен тең заңдық күші бар Шарттың ажыратылмас бөлігі болып табылады және Тараптардың қолы қойылған, қосымша келісіммен ресімделеді.

«Атырау облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» ММ
06 ИЮН 2019
000167
ТІРКЕЛДІ №

6. Қайта ұйымдастырылған кезде (қосылу, бөліну, қайта құрылу) Шарт жаңасы жасалғанға дейін өз күшін сақтайды.

7. Еңбек заңнамаларында көзделген жұмыскерлер өкілдерінің пікірлерін есепке алуды талап ететін актілерді шығару кезінде кәсіподақ төрағасының жазбаша пікірі ескерілді.

II бөлім
Еңбекті ұйымдастыру және нормалау, еңбекақы мен жұмыс уақыты

8. Жұмыс беруші:

1) бірыңғай салалық тариф ставкалар мен лауазымдық ақыларды еңбекке ақы төлеудің ең аз кепілдіктері ретінде қолдану;

Негізгі қызмет қызметкерлері үшін тарифтік ставкаларды (айлықтарды) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы негізге ала отырып белгілеуге;

2) тарифтеуді жұмысшылардың біліктілік разрядтарын және санаттарын беруде қолданылып жүрген жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік анықтамалықтары бойынша жүргізуге;

Басшылардың, мамандардың және қызметшілердің еңбекақысын төлеу үшін тиісті лауазымдардың біліктілік сипаттамаларының талаптарына және лауазымдық жалақылардың белгіленген схемасына, штаттық кестеге сәйкес белгілеуге;

3) егер бұл кәсіп үшін арнаулы оқыту талап етілмесе, мамындықты игеру кезеңінде кәсібі және жұмыс өтілі жоқ қызметкерге ол қабылданып отырған кәсібі бойыншам 1- разряд белгілеуге;

4) қосымша белгіленетін ауыр, ыстық және қауіпті жұмыстармен, еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен және еңбек жағдайлары ерекше зиянды ерекше ауыр жұмыстармен айналысатын жұмысшылар кәсіптерінің тізбесіне (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193) сәйкес, жұмыс орындарын аттестациялау нәтижесі бойынша тарифтік ставкаларға (айлықтарға) сараланған қосымша ақылар белгілеуге;

5) Өкілетті мемлекеттік органдарымен бекітілген жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) ауыр (ерекше ауыр), қауіпті жұмыстарда істеген адамдарға жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысына және жұмыс уақытының ұзақтығын қысқартуға құқық беретін кәсіптер мен қызметтердің тізіміне сәйкес (1 қосымша) Еңбек жағдайлары зиянды және ауыр, қауіпті жұмыстарда істеген адамдарға қосымша демалыс пен қысқартылған жұмыс күніне құқық беретін кәсіптер мен қызметтер тізбесіне сәйкес қосымша демалыстар беруге.

6) еңбек нормаларын (өнімділік, уақыт, қызмет көрсету, және қызметкерлердің саны) енгізуді және қайта қарауды қол жеткізілген техника, технология, еңбек өндірісін ұйымдастыру деңгейін ескере отырып жүргізуге. Еңбек нормаларын өзгертуге қатысы бар қызметкерлерді өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін бір ай бұрын хабарландыруға. Тиісті сайланбалы кәсіподақ органымен келісім бойынша қолданылатын нормативтік материалдардың (салааралық, ведомстволық, салалық, жергілікті) тізбесін, сондай-ақ оны енгізу, әзірлеу және қайта қарауға;

7) Зиянды жұмыстарда, ауыр жұмыстарда жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбектеріне ақы төлеуді (әсіресе медицина саласында аса зиянды, қауіпті жағдайдағы

«Қарағанды облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» ММ
06 ИЮН 2016
ТІРКЕЛДІ № 000167

еңбектері) Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті заңының тиісті қаржылық жылға белгілеген шекте айлық жалақы мөлшерінің ең төменгі есебінен белгілеуге;

Жұмыскерлердің тарифтік ставкаларын және жалақысын белгіленген коэффициенттерді ескере отырып қайта есептеуге;

8) Еңбек өнімділігінің, табыстардың өсуі мен шығыстарды үнемдеу шамасына қарай еңбекке ақы төлеуді арттырылуын қамтамасыз етуге.

Еңбекақыны арттыруды қарау тәртібі және оны іске асыру тетігін жылына бір реттен кем емес Жұмыс берушінің актілерімен белгілеуге.

9) Дәрігерлердің күнделікті жұмыс ұзақтығы 8 және 4 сағаттан артық (1,05 тарифтік есептілігінен) асатын жұмыс көлемінің жалақысы көтермелеу қаражатты үнемдеу есебінен сараланған қосымша ақы (дифференцированной) түрінде комиссиямен келісу бойынша медицина қызметкерлерінің қызметін бағалау критерийлерінің негізінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 429 «*Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлерін көтермелеу қағидаларын бекіту туралы*» бұйрығы.

10) Мекеметің қызметкерлеріне келесі есеп айырудан кейінгі айдың онына дейін еңбекақы төленуін қамтамасыз етуге.

Еңбек шарты бұзылған кезде қызметкерге тиесілі барлық сомаларды үш күн жұмыс күнінен кешіктірмей төлеу. Еңбек демалысының ақысын ол басталғанға дейін кем дегенде үш күннен кешіктірмей төлеуге;

11) қызметкерлер шарттық қатынаста тұрған жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының дер кезінде аударуын қамтамасыз етуге;

12) қызметкерлерге Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес тарифтік ставкаларға еңбекке ақы төлеу фондының шегінде (айлықтарға) қосымша ақылар мен үстемелер төлеуге:

а) қосымша ақылар:

кәсіптерді (лауазымдарды) қоса атқарғаны үшін;

қызмет көрсету аймағын кеңейткені немесе жұмыстар көлемін ұлғайтқаны үшін;

уақытша жоқ қызметкердің міндеттерін орындауына байланысты жұмыс көлемінің өскені үшін;

негізгі жұмыстан босатылмаған, жұмысшылар ішінен тағайындалады;

б) үстемелер:

жұмысшыларға жоғары кәсіби шеберлігі үшін;

аса маңызды жұмысты орындағаны үшін оны өткізу мерзіміне (басшыларға, мамандарға, қызметшілерге);

медицина мамандарына еңбек сіңірген жылдары үшін;

Аталған қосымша ақылар мен үстемелерді, егер оларды белгілеу мерзімі көрсетілмесе, еңбекақы төлеу қоры мен жұмыс көлеміне қарай, жыл сайын қайта қарау.

Егер уақытша болмаған жұмыскерді алмастыру алмастыратын жұмыскердің лауазымдық міндеттеріне кіретін болса, уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін атқарғаны (алмастырғаны) үшін жұмыскерлерге қосымша ақы төлеу жүргізілмейді.

Басшылардың штаттық орынбасарларына уақытша жоқ басшылардың міндеттерін орындағаны үшін қосымша ақы төлемеуге;

«Атырау облысы мемлекеттік
еңбек инспекция басқармасы» ММ
06 ИЮН 2019
ТІРКЕЛДІ № 000167

13) жұмысшыларға Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес моральдық және материалдық ынталандыру түрлерін қолдануға;

14) қызметкерлерге мерзімнен тыс жұмыс сағаттарына, соның ішінде жұмыс уақытын жинақтап есепке алған кезде, кем дегенде бір жарымдық мөлшерде төлеуге.

Аса кауіпті және еңбек жағдайлары аса зиянды жұмыстарда мерзімнен тыс жұмыс сағаттарына жол бермеуге.

15) Қызметшілер мемлекеттік қызметте болған әрбір кезекті үш жыл өткен сайын, бірақ осы лауазымға орналасқан күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін мерзімде аттестаттаудан өтеді.

Бұл ретте, аттестаттау аталған мерзім басталған күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде өткізіледі.

Бала күтімі бойынша демалыста жүрген қызметшілер қызметке шыққаннан кейін алты айдан кейін аттестатталады.

Қызметшілерді олардың өтініші бойынша белгіленген мерзімге дейін аттестаттаудан өткізіледі.

Аттестаттау «Денсаулық сақтау және әлеуметтік-еңбек саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын және шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1041 бұйрығымен бекітілген ережеге сәйкес жүргізіледі.

16) Қызметкердің кінәсімен емес жұмыссыз тұру уақытына тарифтік ставканың (айлықтың) кем дегенде 50 пайыздан төмен емес орташа айлық есеппен төлем жасау. Қызметкердің өміріне немесе денсаулығына кауіп төндіретін жағдай пайда болған кезде (мұндай жағдай Мекеметің арнаулы еңбекті қорғау қызметтерімен, даулы жағдайларда Мемлекеттік еңбек инспекциясымен расталған кезде) оған бұзушылықтарды жою үшін қажет болған түгел кезеңге орташа еңбекақы төленеді. Қызметкердің кінәсінен жұмыссыз тұрған уақытқа төлем жасалмайды.

17) біліктілігін көтеру курстарына, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге де жіберген кезде қызметкерлерге купелік вагонда жол жүру (егерде тұру құны оқыту құнына енгізілмесе) шығыстарын және оқу орнына жетумен қайту уақытына белгіленген мөлшерде тәуліктік ақы төлеуге.

Біліктілігін көтеру курстарында оқудан немесе қайта даярлаудан өткен кезде қызметкерге бұрынғы жұмыс орнын (лауазымын) және орташа еңбекақысын сақтауға.

18) Бірінші және екінші топтардағы мүгедек жұмыскерлерге аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді.

Бірінші және екінші топтардағы мүгедек жұмыскерлердің күнделікті жұмысының (жұмыс ауысымының) ұзақтығы жеті сағаттан аспайды және он бес күнтізбелік күннен кем емес жыл сайынғы қосымша ақылы демалыс беруге;

Үздіксіз тәулік бойы ауысымдық жұмыстағы қызметкерлер үшін 12 сағаттық ұзақтықтағы кезекшіліктердің төрт ауысымдық графиктерін қолдануға (жұмыс және демалыс графигі қызметкерлерге оның күші басталғанға дейін кем дегенде үш күн бұрын жариялануы тиіс);

19) өндіріс жағдайлары бойынша үзіліс беру мүмкін болмайтын жұмыстарда қызметкерге жұмыс уақытында тамақтану мүмкіндігін қамтамасыз етуге, аталған сағаттар (тамақтану уақыты) жұмыс уақытында есепке алынады (мұндай жұмыстардың тізбесі, демалу мен тамақтану тәртібі мен орны Жұмыс берушінің актілерімен белгіленеді);

20) еңбек заңнамасында көзделген жағдайларда демалыс және мереке күндері жұмысты орындау үшін қызметкерлерді жазбаша бұйрықтың негізінде тартуға;

«Атырау облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» ММ
06 ИЮН 2019
ТІРКЕЛДІ № 000167

Демалыс және мереке күндері жұмысқа шыққаны үшін қосарланған мөлшерде төлем жасауға немесе қызметкердің тілегі бойынша дараланған мөлшерде төлем жасап, қосымша демалыс күнін беруге;

21) қызметкерлерге жұмыс орнын (лауазымын) сақтау арқылы ұзақтығы белгіленген жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беруге:

жұмысшыларға –36 күнтізбелік күн;

Демалыстарды беру кезектілігін өндірістік процесті ескере отырып, кәсіподақ органдарымен келісіліп, бекітілген график бойынша белгілеу.

Жоғары және орта арнаулы білімі бар мамандарға лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы күнтізбелік жылда бір рет төлемі үнемделген қаражат есебінен жүзеге асырылады;

Қызметкердің келісімі бойынша еңбек демалысынан кері шақыртып алынған жағдайда еңбек демалысының, соның ішінде қосымша демалыстың пайдаланылмаған күндерін ағымдағы жылдың басқа уақытында беруге, немесе келесі жұмыс жылының еңбек демалысына қосуға, немесе өтемақы төлеуге.

22) тиісті құжаттарды ұсынғанда қызметкерлерге жалақы сақталмайтын демалыстарды мына жағдайларда беру:

а) өндірістен кол үзбей кәсіпорын жұмысының кәсібіне сәйкес мамандықтар бойынша орта және жоғары білім беру ұйымдарында оқитын қызметкерлерге сессия, дипломдық жобаларды дайындау және қорғау, емтихандарды тапсыру кезеңіне.

ә) жақын туыстарының (әкесі, шешесі, жұбайы, ұлы, қызы, аға-інісі, апа-сіңілісі, қарындасы) қайтыс болуына байланысты – **3 жұмыстық күн;**

б) неке қиюына байланысты – **3 жұмыстық күн;**

в) баласының тууына немесе баланы асырап алуына байланысты – **1 жұмыстық күн.**

23) ұйымның тиісті бюджетінде қатаң түрде қарастырылған қаражат шегінде материалдық көмек көрсету:

а) қызметкердің ата-анасының, жұбайының, балаларының қайтыс болуына байланысты;

Ауруханаңың қызметкерлеріне – төлем төленетін кезде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген он бес айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде.

(материалдық көмек көрсету үшін негіз болып табылатын өтінішке қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі қоса беріледі);

б) баланың тууына, асырап алуға байланысты – бір еселенген ең төмен еңбекақы мөлшерінде, ал қызметкердің екі немесе одан көп бала туса екі еселенген ең төмен еңбекақы мөлшерінде (материалдық көмек көрсетуге негіз болып табылатын өтінішке баланың тууы туралы куәлігінің көшірмесі қоса беріледі).

Егер материалдық көмек алуға құқығы бар отбасы мүшелерінің барлығы Ауруханаңың қызметкері болып табылса, көмек олардың біреуіне көрсетіледі.

24) толық емес жұмыс уақыты режимін енгізген кезде демалысқа төлем жасау үшін (пайдаланылмаған демалысқа өтемақы төлеу үшін) орташа күндік (орташа сағаттық) еңбекақыны есептеуді заңнамаға сәйкес, нақты жұмыс істелген уақыт есебінен жүргізуге;

25) зейнеткерлік жасқа жетуіне 3 жыл және одан да кем уақыт қалған қызметкерлерге зейнетақыны есептеуге арналған кірісі 25 еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем болады деген шартпен толық жұмыс күні (толық жұмыс аптасы) режимін сақтауға міндеттеме алады.

«Ақтөбе облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» ММ
06 ИЮН. 2019
ТІРКЕЛДІ № 000167

26) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толуына екі жылдан аз қалған жұмыскерлермен еңбек шартын жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің тең санынан

құрылған комиссиясының оң шешімінсіз осы Кодекстің 52-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша бұзуға жол берілмейді.

27) Қуаты 0,5 кВт рентген сәулесін тудыратын қондырғылармен тікелей айналысатын қызметкерлер «Жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдерін, емдік-профилактикалық тағам беру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1056 бұйрығына сәйкес, емдік-профилактикалық тағам беру нормаларымен қамтамасыз етіледі немесе қызметкерлердің келісімі бойынша емдік тағам беру нормалары нарықтық бағаларына сәйкес жалақысына қосылып төленеді.

28) Сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және үстемеақылар белгілеу шығыстардың мынадай түрлері бойынша үнемделген қаражат есебінен жүзеге асырылады:

1) қаржыландыру жоспары бойынша үнемделген қаражаттың жалпы көлемінің 30% асырмай жыл ішінде, ал желтоқсанда - бір жылда үнемделген қаражаттың толық көлемінде:

Қызметкерлердің қызметінің критерийлері қызметтің нәтижесіне қол жеткізу кезінде айқындалады және мыналар ескеріледі:

тәртіптік жазаның болмауы;

көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру;

жұмыстың орындалған көлемі;

жұмыстың сапасы мен нәтижелілігі;

еңбек тәртібі;

пациенттердің қанағаттанушылық деңгейінің жоғары болуы;

есепке алу-есеп беру құжаттамасын сапалы жүргізуі.

30) Азаматтарға ақылы қызметтер көрсету кезінде есеп және есептілік құжаттамасын жүргізу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 56272 болып тіркелген) бекітілген нысандар бойынша жүзеге асырылады.

Ақылы қызметтер көрсетуді мынадай жағдайларда:

- пациенттердің бастамасы бойынша, оның ішінде бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету және денсаулық сақтау ұйымдары мамандарының жолдамасынсыз диагностикалық және емдеу қызметтерін көрсеткенде;

- емдік формулярға енгізілмеген емдік құралдармен емдегенде;

- ТМККК-ге (тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі) кірмейтін медициналық зерттеулер жүргізгенде;

- тиісті жолдамасыз санаторийлік емдеуде;

- медициналық көрсетілімдерсіз медициналық-генетикалық зерттегенде;

- жұмысқа орналасу және оқуға түсу үшін азаматтарды медициналық тексеріп-қарағанда;

- ұйыммен шарт бойынша, оның ішінде ерікті сақтандыру бойынша медициналық көмек көрсеткенде;

- қосымша сервистік қызметтер көрсеткенде жүзеге асырылады.

Ақылы қызметтердің бағалары медициналық, сервистік қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығындар және өзге де қосымша шығыстар ескеріле отырып айқындалады және жарты жылда бір реттен артық қайта қаралмайды.

«Атырау облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» ММ
06 ИЮН 2019
ТІРКЕЛДІ № 000167

Ақылы қызметтерге баға ТМККК арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшісі белгілейтін ұқсас медициналық қызмет тарифінен төмен белгіленбейді.

Ақылы қызметтен түскен қаржы көлемі мекеме жанынан құрылған ішкі қаржылық айналымының жүргізілуін қадағалау және бақылау комиссиясымен бөлінеді және бірінші кезекте мекеменің қажеттілігіне жұмасалады.

III бөлім
Жұмыспен қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғау, босатылатын қызметкерлерді кәсіби даярлау және қайта даярлау

9. Жұмыс беруші:

1) жұмысқа қабылдауды қолданыстағы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына, еңбек жағдайлары мен еңбек тәртібі ережелеріне және Шартқа сәйкес міндетті түрде таныстыру арқылы жүзеге асыруға.

Жұмысқа қабылданған кезде қызметкерлермен еңбек шарттарының олардың кәсібіне, біліктілігіне сәйкес жасалуын және еңбек жағдайлары өзгерген жағдайда оларға толықтырулардың енгізілуін қамтамасыз етуге.

Жұмысқа қабылданған кезде Толық материалдық жауапты болатын қызметкерлер лауазымдарының тізбесіне (2-қосымша) сәйкес толық материалдық жауапкершілік туралы жазбаша шарттардың жасалуын көздеуге;

2) жұмысқа қабылдау кезде қызметкермен еңбек шартын мынадай жағдайда жасасу:

а) белгісіз мерзімге;

б) бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге;

в) белгілі бір жұмыстың орындалу уақытына;

г) уақытша болмаған жұмыскерді алмастыру уақытына;

Қызметкермен еңбек шарты қайталап жасалған жағдайда ол белгіленбеген мерзімге жасалған деп есептеледі.

Егер де мерзім аяқталғаннан кейін еңбек қатынасы нақты іс жүзінде жалғасып жатса, онда еңбек шарты белгіленбеген мерзімге жасалған деп есептеледі. Еңбек шарты белгіленбеген мерзімге жасалатын қызметкерлер үшін көзделген кепілдіктер мен өтемақылар беруден жалтару мақсатында еңбек шартын белгілі бір мерзімге жасасуға тыйым салынады.

д) болатын жұмыстың қысқа мерзімді сипатына немесе оны орындау шарттарына байланысты кем дегенде бір жылдық белгілі бір мерзімге жасауға;

Мүгедекпен жасалатын еңбек шартында жұмыс орындарын олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып жабдықтау жөніндегі талаптарды қамтуға;

3) қызметкерлермен еңбек шартын жасасқан кезде:

а) еңбек жағдайларының сипаттамасы, жұмыс орнындағы зиянды және қауіпті факторлардың тізбесін;

б) сол жұмысты орындау үшін қажетті арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киіммен, жеке қорғану құралдарымен, жуу заттарымен қамтамасыз ету нормаларын;

в) демалыстарды беру және пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақы төлеу тәртібін;

г) материалдық және моральдық ынталандыру туралы ережелерді көздеу;

д) Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жекелеген жұмысшы мамандықтары, мамандар мен қызметшілердің лауазымдары үшін мынадай жұмыс режимін қолдану: үйде немесе объектідегі арнайы жабдықталған бөлмеде белгіленген сағаттар нормасы шегіндегі кезекшілік; жұмыстың икемді графигі, толық емес күні және басқалары;

«Атырау облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» мм
06 ИЮН 2019
ТІРКЕЛДІ № 000167

4) қызметкерлердің санын немесе қызметкерлер штатын қысқартқан кезде еңбек шарттарын бірінші кезекте:

а) сынақ мерзімін өтеуші;

б) Мекемеде ең аз жұмыс өтілі бар;

в) бірнеше тәртіптік жазалары бар;

г) осы мамандық бойынша тиісті білімі және жұмыс тәжірибесі жоқ қызметкерлермен бұзуға;

5) қызметкерлер санын немесе қызметкерлер штатын қысқартқан кезде жұмыста қалдырудың басымдық құқығын:

а) жалғыз асыраушы болып табылатын қызметкерлерге;

б) төрт және одан көп балалы отбасылардың ата-аналарына;

в) медицина саласында жұмыс істеген қызметкерлерге: ерлерге – кем дегенде 25 жыл, әйелдерге кем дегенде – 20 жыл;

г) «**Құрмет**» граммотасымен марапатталған;

6) Мекеменің құрылымдық бөлімшесі таратылған жағдайда штаттар саны қысқарған кезде:

а) еңбек шартын бұзғанға дейін кем дегенде екі ай бұрын қызметкерді алда болатын шартты бұзу туралы жазбаша ескерту;

б) қызметкерге өз бетімен жұмыс іздеу үшін аптасына бір күн немесе әрбір жұмыс күні екі сағат беру;

в) Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына сәйкес қызметкерге екі айдағы орташа жалақы мөлшерінде жұмысынан айырылуына байланысты өтемақы төлемдерін жүргізуге және медицина саласындағы ұйымдардағы еңбекөтілі кем дегенде 25 жыл болатын қызметкерлерге орташа айлық жалақысы екі еселенген мөлшерінде қосымша өтемақы төлеуге;

Мерзімді әскери қызметті өткерген адамдар оны өткергеннен кейін екі ай ішінде мерзімді әскери қызметке шақырылғанға дейін жұмыс істеген ұйымға жұмысқа қабылдау кезінде басым құқыққа ие болады;

7) жұмыс көлемі төмендеген жағдайда қызметкерлердің санын бірінші кезекте:

кадрлардың табиғи кемуі және оларды қабылдауды уақытша шектеу;

кадрларды меншікті қаражаты есебінен білімін арттыру, қайта даярлау бойынша іс-шараладың;

кадрлардың бөлімшелердің ішінде босаған жұмыс орындарына ауысуы;

қызметкерлерді уақытша және маусымдық жұмыспен қамтуды пайдалануға;

жұмыстан босатуға баламалы, уақытша шара ретінде толық емес жұмыс күнін қолдану есебінен реттеуге;

8) босатылатын қызметкерлердің тиісті қайта даярлануы арқылы бос жұмыс орындарына басымдылықпен орналастырылуын қамтамасыз ету. Қызметкерлердің қайта мамандануын (басқа кәсіптерге оқыту), оқу кезінде олардың табысының 50 пайызын төлеу арқылы, Мекеменің қаражаты есебінен жүзеге асыруға;

9) Ұйымның құрылымдық бөлімшелерін тарату ниеті туралы тиісті кәсіподақ органдарын кем дегенде екі ай бұрын хабардар ету. Бұл ретте Кәсіподақ өкілдерін тиісті комиссиялар мен жұмыс топтарының құрамына кіргізуге міндеттеме алады.

10) Жұмыскер бала күтіміне байланысты демалысты бала үш жасқа толғанға дейін толық немесе бөліп пайдалана алады.

Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс аяқталғанға дейін бір ай бұрын ескертуге міндетті.

«Атырау облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» мм
06 ИЮН 2019
ТІРКЕЛДІ № 000167

Үш жасқа дейінгі баласы бар, бала асырап алған және бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыстағы жұмыскерді ана мен баланың денсаулығына кері әсер ететін фактілердің алдын алу мақсатында, бала күтіміндегі жұмыскердің баласы 1 жасқа толғанға дейінгі мерзім ішінде өз бастамасы бойынша жұмысқа қосылуын шектеуді.

IV бөлім
Еңбекті қорғау

10. Жұмыс беруші:

1) еңбекті қорғау шарттарын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге:

а) жыл сайын мақсатты түрде арнаулы киім, арнаулы аяқ киім, жеке қорғану құралдары (дәрі-дәрмек немесе алғашқы медициналық көмек қобдишалары, емдік-профилактикалық тамақ – сүт, шырындар, жуғыш заттар) шығындарын есептемегенде жұмыс орындарында еңбек жағдайларын жақсартуға еңбекақы төлеу қорынан кем дегенде 1 пайыз мөлшерінде қаражат бөлуге;

б) тұрақты жұмыс орындарының еңбек жағдайлары бойынша аттестация өткізуге;

в) еңбек жағдайлары қолайсыз жұмыс орындарын жою жөнінде шаралар қолдануға;

г) жұмыс орындарын еңбек жағдайлары бойынша аттестациялау нәтижелері бойынша еңбек жағдайлары зиянды, ыстық және ауыр жұмыстарда істейтін қызметкерлерге зияндылық деңгейіне сәйкес жеңілдіктер мен өтемақылар беру;

д) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында көзделген жасқа толған адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоса алғанда, барлық қызметкерлер міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады.

жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігін арттыруға экономикалық мүдделілігі Қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды жүзеге асырады.

2) жұмыс орындарында санитарлық нормаларға сәйкес еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, еңбекті қорғау жағдайларына бақылау жасау, еңбек ұжымын оның жұмыс нәтижелері туралы дер кезінде хабарлау. Жұмыс орнында еңбектің қауіпсіз жағдайлары қамтамасыз етілмегенде қызметкерлерді міндеттемелерін орындауға тартпау.

Әйелдер мен жасы 18-ден төмен адамдардың ауыр жұмыстарға және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарға қабылдануына жол бермеу;

3) қызметкерлердің жуғыш, дезинфекциялаушы және басқа да жеке қорғау құралдарымен белгіленген нормалар мен мерзімдер бойынша қамтамасыз етілуін жүзеге асыру, сондай-ақ арнаулы киіммен және арнаулы аяқ киіммен мына мерзімдерде: жазғы - 15 сәуірге дейін, қысқы– 1 қарашаға дейін қамтамасыз етілуін жүзеге асыруға.

Зейнеткерлік демалысқа шығуына байланысты жұмыстан босаған кезде Қызметкерге оның келісімі бойынша оған берілген арнайы киімді және арнайы аяқ киімді оның қалған сомасын төлетіп, қалдыруға;

Жеке қорғану құралдары, арнаулы киімдері және арнаулы аяқ киімдері уақытынан бұрын тозған жағдайда оларды мерзімінен бұрын ауыстыру.

«Атырау облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» ММ
06 ИЮН 2019
ТІРКЕЛДІ № 000167

Жұмысшылардың ашық (қолдары, беттері) дене бөлігін өндірістік химиялық факторлардың әсер етуінен қорғануға арналған емдеу-алдын-алу құралдарын – жуғыш заттары, сабын, әртүрлі майлар, пасталар және басқа залалсыздандырушы құралдары.

Кәсіптерді қоса атқарғанда, негізгі жұмысты орындауға қатысы жоқ технологиялық, жөндеу-құрылыс және басқа да қосалқы-көмекші жұмыстарға тартылған кезде сол жұмыстарды орындау үшін нормалармен көзделген қосымша жеке қорғану құралдарын беруге;

4) Жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жұмыс уақытында нысандық киім кию міндетті болып табылатын қызметкерлерге белгіленген нормативтер бойынша нысандық киімді ақысыз беруге;

5) берілген арнаулы киімді, арнаулы аяқ киімді және басқа да жеке қорғану құралдарын пайдаланбайтын адамдарды жұмысқа жібермеуге;

6) өндірістегі жазатайым оқиға нәтижесінде зардап шеккен қызметкерге (жұмыс берушінің кінәсі деп тануымен) орташа еңбекақысын сақтай отырып, емделу шығыстарын өтеуге;

7) өндірісте қаза болған қызметкерлерге, сондай-ақ өндірістік жарақат немесе кәсіби ауру нәтижесінде зардап шеккен қызметкерлерге (жұмыс берушінің кінәсі деп тануымен) біржолғы жәрдемақы төлеуге:

егер қайтыс болған жағдайда жартыжылдық еңбекақысының үш еселенген көлемінде;

бірінші және екінші топтағы мүгедектікке жатқызылған жағдайда жартыжылдық еңбек ақысының екі еселенген көлемінде;

үшінші топтағы мүгедектікке жатқызылған жағдайда жартыжылдық еңбекақысы көлемінде;

мүгедектігі жатқызылмаған бірақ еңбекке жарамсыздығы танылған жағдайда жартыжылдық еңбекақысы көлемінде.

Жұмыскердің өміріне және денсаулығына келтірілген зиянды, сондай-ақ егер зардап шегуші осы көмек түрлеріне мұқтаж деп танылса және оларды ақысыз алмаса, денсаулығының зақымдануынан туындаған емдеуге, қосымша тамақтануға, дәрі-дәрмекті сатып алуға, протездеуге, басқа күтім, санаторлық-курорттық емделуге, арнаулы көлік құралдарын сатып алуға, басқа кәсіпке дайындалуға және т.б. байланысты шығыстарын өтеуге.

Емдеуге, протездеуге, санаторлық-курорттық емдеуге арналған шығыстарды төлеуді растайтын құжаттарды ұсыну бойынша еңбек міндеттерін орындаған кезде келтірілген зиянды өтеуге құқығы бар тұлғаға нақты шығындары бойынша жүргізуге Санаторлық - курорттық емдеуге арналған шығыстарды Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан санаторийларға жолдамалар бойынша, сондай-ақ егер зардап шегуші денсаулық жағдайына байланысты Қазақстан Республикасында берілмейтін санаторлық –курорттық емдеуді алуға мұқтаж болса, Қазақстан Республикасынан тысқары жерде орналасқан санаторийларға жолдамалар бойынша өтеуге.

8) Біржолғы өтемақы және жұмыскердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуді сақтандыру өтемі болмаған кезде оларды алуға құқығы бар тұлғаға төлуге.

9) өндірістік жарақат алған мүгедектерінің жұмысқа орналастырылуын, қажет болғанда қайта оқытылуын қамтамасыз етуге;

10) кәсіби ауру анықталған кезде медициналық қорытындыға сәйкес қызметкерді еңбек қабілеті қалпына келгенде немесе мүгедектігі анықталғанға дейін орташа еңбекақысын сақтап, басқа жұмысқа ауыстыруға;

«Атырау облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқарнасы» КМК
06 ИЮН 2019
ТІРКЕЛДІ № 000167

11) еңбек міндеттемелерін орындаған кезде қызметкер мертігуіне, кесіби ауруға шалдығуына немесе денсаулығының басқаша зақымдануына байланысты келтірілген залалды өтеу есебіне төленетін сомалардың қайта есептелуін Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген тәртіппен жүргізуге;

12) жылдың суық кезінде ашық ауада жұмыс істейтін қызметкерге әрбір сағат сайын жылынуға он минут беруге. Бұл уақытты жұмыс уақытына кіргізуге. Аталған қызметкерлерді жылыну мен демалу үшін жабдықталған жаймен қамтамасыз етуге;

13) басқа ұйымдармен көліктік қызмет көрсетуге шаруашылық шарттар жасасқан кезде олардың қаражаты есебінен еңбек жағдайлары қолайсыз жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтін қызметкерлерге жеңілдіктер мен өтемақыларды көздеуге;

14) мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының талабы бойынша жұмыс тоқтатылған жағдайда, орташа еңбекақысын сақтай отырып, қызметкерді басқа жұмыс орнына ауыстыруға;

15) жаңадан ұйымдастырылған өндірістерді олардың жұмыс ерекшелігін ескере отырып, арнаулы киім мен арнаулы аяқ киім беру нормаларын белгілеу;

16) кәсіподақ органымен келісу арқылы еңбек қауіпсіздігі жөніндегі ереже мен үлгілік нұсқаулықтардың өңделуін қамтамасыз ету;

17) қызметкерлердің өміріне және денсаулығына жазатайым оқиға нәтижесінде зардап шеккені үшін жұмыс беруші жауапкершілігінің сақтандырылуын қамтамасыз етуге міндеттеме алады.

18) зиян жұмыскердің сақтандыру төлемдері болмаған кезде толық көлемде өтеледі. Сақтандыру төлемдері болған кезде жұмыс беруші жұмыскерге сақтандыру сомасы мен зияннның нақты мөлшері арасындағы айырманы өтеуге міндетті.

V бөлім
Құқықтық қорғау және әлеуметтік кепілдіктер

11. Жұмыс беруші:

1) медицина саласындағы ұйымдарда еңбек өтілі 35 жыл және одан да артық қызметкерлер жасы, I және II топ мүгедектігі бойынша зейнеткерлік демалысқа шығуына байланысты жұмыстан босаған кезде лауазымдық ақысы (тарифтік ставкасы) мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы төлеуге.

2) жұмыскер зейнеткерлік жасқа толған кезде жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзған жағдайда төлем төленетін кезде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 20 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде өтемақы төлемін жүргізуге;

зейнеткерлік жасқа толған жоғары буын қызметкерлеріне 20 айлық есептік көрсеткіш, орта буын қызметкерлеріне 15 айлық есептік көрсеткіш, кіші буын қызметкерлеріне 10 айлық есептік көрсеткіш болып бекітуге;

3) мүгедектігіне байланысты еңбек шарты бұзылған кезде 1, 2-топ мүгедектерін алған қызметкерлерге елу айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде өтемақы төлемін жүргізуге;

4) жалпы білім беретін мектептерде, мектеп-интернаттарда оқитын жартылай жетім балалар мен аз қамтамасыз етілген мекеме қызметкерлерінің балаларына киім, аяқ киім, мектеп мүкәммалын сатып алуға қайырымдық көмекті әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссияның шешімі бойынша, осы мақсаттарда белгіленген бюджет шегінде көрсетуге;

«Атырау облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы»
06 ИЮН 2019
ТІРКЕЛДІ № 000167

5) әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссияның шешіміне сәйкес отбасының бір жанға шаққандағы орташа кірісі Қазақстан Республикасы мемлекеттік орган белгілеген кедейдік шегінен кем, Мекеме қызметкерлерінің аз қамтамасыз етілген санатына жылына бір рет осы мақсатқа белгіленген бюджет шегінде материалдық көмек көрсетуге;

6) медицина саласы ұйымдарындағы өтілі кем дегенде 30 жыл болған кезде мерейтойлық даталарына байланысты қызметкерге; әйелдер 55 жасқа, ерлер 60 жасқа толғанда, үнемделген қаржы есебінен немесе ақылы қызметтен түскен қаржы көздеріне сыйлық табыстауға;

7) қызметкерлердің балаларына жаңа жылдық ертеңгіліктерін ұйымдастыруға және жаңа жылдық сыйлықтарды сатып алуға қарастырылған бюджеттің қаржат шегінде бөлуге;

8) құны 50 000 теңгеден артық ақылы операция жасалған кезде қызметкерлерге әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссия белгілейтін мөлшерде материалдық көмек көрсетуге;

9) медицина саласының ардагерлерін жерлеуді ұйымдастыруға қажеттілігіне қарай көмек көрсетуге, зейнеткерлермен олардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешу бойынша арнайы комиссияда қарауға міндеттеме алады.

Іссапарға жіберілген қызметкердің мынадай шығыстары өтеледі:

10) іссапарда жүрген әрбір күні үшін екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тәулікақы төленеді;

11) көрсеткен растау құжаттары бойынша (фискалдық чек, кіріс кассалық ордер, шот-фактура, шот, жүкқұжат, хабарлама, ал тұрғаны үшін дара кәсіпкер берген құжаттарды ұсынған жағдайда адамның мүлікті жалға беру құқығын растайтын құжаттар (жалдау шарты, патент, куәлік) және қонақ үй қызметтерін берушілер ұсынатын басқа да растау құжаттары қосымша беріледі) тұрғын үй-жайды жалдауы бойынша:

12) Мекеменің директоры мен орынбасарлары, бас есепшісі, бөлім меңгерушілері үшін тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстардың сомасы тәулігіне Астана, Алматы, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында сегіз есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда алты есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен және аудан орталықтары мен аудандық маңызы бар қалаларда төрт есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспауы тиіс;

13) Мекеме қызметкерлері үшін тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстардың сомасы тәулігіне Астана, Алматы, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда төрт есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен, аудан орталықтары мен аудандық маңызы бар қалаларда үш есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен және ауылдық округтарда екі есе айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспауы тиіс;

14) Растаушы құжаттар болмаған кезде тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстар, қызметкерлер тегін берілген тұрғын үй-жайды пайдаланғаннан басқа жағдайларда, қызметтік іссапарлар бойынша тәулікақы нормасының 50 пайызы мөлшерінде өтеледі;

15) Атырау облысы орталығынан тыс іссапарға жіберілген қызметкерге іссапарға жіберілуінің алдында жол жүру ақысына, тұрғын үй-жай жалдауы және тәулікақы бойынша шығыстарға тиесілі сомалар шегінде ақшалай аванс беріледі. Іссапардан оралғаннан кейін қызметкер бес күннің ішінде ақша қаражатының нақты шығыстары туралы аванстық есеп беруге міндетті. Аванстық есепке белгіленген тәртіппен ресімделген іссапар куәлігі, тұрғын үй-жайды жалдау мен жол жүру шығыстары туралы құжаттар қоса беріледі.

16) Іссапар уақытында жұмыскердің жұмыс орны (лауазымы) мен іссапар күндеріне келетін жұмыс күндері үшін жалақысы сақталады.

Атырау облысы мемлекеттік
[illegible] басқармасы
06 ИЮН 2019
ТІРКЕЛДІ № 000167

17) Қызметтік іс – сапардың тапсырмаларын орындамағанда немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Жұмыс беруші жұмысшыдан іс – сапарға кеткен шығындарды өтеп алуға құқылы.

VI бөлім
Кәсіподақтың міндеттері

12. Кәсіподақ:

1) Жұмыс берушіге:

еңбек және технологиялық тәртіпті нығайтуға;

еңбектің кінәратсыз және қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етуге;

сенім мен өзара түсіністік негізінде әлеуметтік әріптестікті дамытуға жәрдемдесуге;

2) кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен мүдделерін:

олардың өмір сүру деңгейін көтеру;

жұмыстан босату және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;

жұмыс уақыты және демалыс уақыты режимін сақтау;

3) салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде жұмыс жүргізуге, қызметкерлерге санаторлық-курорттық емделуін, сондай-ақ жұмысшылардың балаларына демалу мен сауығуын жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

4) мекемеде қауіпсіздік және салауатты еңбек жағдайларының жасалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға. Мекемедегі жазатайым оқиғаларды тексеруге, оларды болдырмау жөніндегі шараларды әзірлеуге қатысуға;

5) қызмет барысында зардап шеккен қызметкерлерге және қаза болғандардың отбасыларына ақысыз консультациялар мен Жұмыс берушілердің қызметкердің мертігуіне немесе оның еңбектік міндеттемелерін орындауына байланысты денсаулығына келтірілген зиянды дер кезінде және толық өтеу, сондай-ақ Қазақстан Республикаының заңнамасына сәйкес біржолғы жәрдемақы төлеу мәселелерін шешуде құқықтық көмек көрсетуге;

6) берілген өкілеттіктер шегінде мемлекеттік билік органдарында, Жұмыс берушіде, сотта және басқа органдарда Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерінің өкілдігін білдіру және қорғау, сотқа талап арызбен жүгіну, Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін құқықтық және нормативтік актілерге наразылық білдіру туралы прокуратурадан сұраунама салуға;

7) Кәсіподақ мүшелеріне ұйымдастырушылық, консультативтік, құқықтық және материалдық көмек көрсету;

8) еңбек туралы заңдардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру, еңбек дауларын қарағанда ақысыз заңдық көмек көрсету және даулы мәселелерді келісім комиссиясының қарауына шығаруға;

9) еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария мәселелері бойынша актілерді, еңбекті, қызметкерлердің тұрмысы мен денсаулығын қорғау жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге және келісуге қатысуға;

10) осы Шарттың орындалуына бақылауды жүзеге асыру үшін Кәсіподақ мүшелерінің жұмыс орындарына баруға;

11) осы Шарттың жағдайлары орындалған кезде еңбек дауларының пайда болуына және жұмыстың доғарылуына жол бермеуге міндеттеме алады.

«Атырау облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» ММ
06 ИЮН 2019
ТІРКЕЛДІ № 000167

VII бөлім
Кәсіподақ қызметінің кепілдіктері

13. Жұмыс беруші:

1) Кәсіподақтың құқықтарын сақтауға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіподақ құрылымдарының қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасауға;

2) кәсіподақ органдарына қызметі үшін қажетті жайлар мен байланыс құралдарын пайдалануға ақысыз беруге;

3) Кәсіподақ мүшелерінің жазбаша өтініші бойынша олардың еңбекақысынан мүшелік жарналарды ұстау және Кәсіподақтың есеп-шотына есеп айырысудан кейінгі айдың соңына дейін аударуға;

4) өндірістегі жазатайым оқиғаларға тексеру жүргізуге қатысушы Кәсіподақ өкіліне көлік шығыстарын өтеуге;

5) негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелері болып табылатын қызметкерлерді орташа еңбекақысын сақтап еңбек міндеттерін орындаудан босатуға:

Кәсіподақтың бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес олардың қоғамдық міндеттерін орындауы үшін (айына 8 сағатқа дейін);

Кәсіподақ шақыратын съездерге, конференцияларға, сондай-ақ, олардың кеңестерінің жұмысына қатысу үшін;

6) осы Шартпен көзделген Жұмыс берушінің міндеттерін орындауы жөнінде Кәсіподаққа қажетті ақпарат беруге;

7) сайланбалы кәсіподақ органдарына сайлануы салдарынан өндірістік жұмыстан босатылған қызметкерлерге олардың сайланбалы өкілеттіктері аяқталған соң бұрынғы жұмысын (лауазымын), ал ол болмаған жағдайда – сол немесе, қызметкердің келісім бойынша, басқа ұйымда соған тең жұмыс (лауазым) беруге;

8) негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ комитеттерінің төрағалары, кәсіпорын толық таратылған жағдайлардан басқа, жоғары тұрған кәсіподақ органының алдын ала келісімінсіз әкімшіліктің бастамасы бойынша жұмыстан шығармауға;

9) қосымша ақыны, үстемелерді, коэффициенттерді, сыйақыларды, сыйлықтарды есептеу тәртібі мен механизмдерін регламенттейтін Жұмыс берушінің актілерін Кәсіподақпен келісуге;

VIII бөлім
Қабылданған міндеттемелердің орындалмағаны үшін тараптардың жауапкершілігі

14. Осы Шарт бойынша міндеттемелердің бұзылуына немесе орындалмауына кінәлы лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен жауапкершілік тартады.

«Атырау облысы мемлекеттік
еңбек инспекция басқармасы» ММ

06 ИЮН 2019

ТІРКЕЛДІ № 000167

IX бөлім
Шарттың орындалуына бақылау жасау

15. Осы Шарттың орындалуына бақылау жасауды комиссия жүзеге асырады.

16. Ауруханаңың құрылымдық бөлімшелерінде пайда болған дауларды реттеуді жергілікті жерлерде құрылған комиссиялар жүзеге асырады.

17. Комиссия осы Шарттың орындалу қорытындыларын жылына екі рет қарайды.

18. Шарт ережелерінің бұзылуы анықталған кезде комиссия жазбаша түрде оған қол қойған Тараптарға ұсыныс жібереді. Тараптар белгіленген мерзімде өзара консультациялар жүргізіп, Тараптар үшін орындауға міндетті болып табылатын жазбаша түрдегі шешім қабылдауға міндетті.

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының«Мақат аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК

Директор

_____**Ундасынов Б.С.**

«08» 05 2019ж.

М.О.

«SENIM» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы Республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облыстық филиалы

Қоғамдық бірлестігінің Төрағасы

_____ **Сартаев Е.Қ.**

«08» 05 2019ж.

М.О.

МАҚАТ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНА КӘСІПОДАҚ КОМИТЕТІ

«Атырау облысы мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы»

06 ИЮН 2019

ТІРКЕЛДІ № 000167